

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ



Бекітемін
Филология және көптілді білім беру
институтының директоры
Б.Әбдіғазизұлы
« 28 » 05 2018 ж.



«М020900 - Шығыстану» мамандығы бойынша
ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2018

Қабылдау емтиханының бағдарламасы:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесіндегі «Білім туралы» заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылдың 17 маусымындағы № 261 бұйрығымен бекітілген магистратура мен докторантураға қатысты «Қазақстан Республикасындағы жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарты»;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 19 қаңтарындағы № 109 қаулысымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгі ережесі»;
- ҚР БЖҒМ 201 ж. _____ «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № бұйрығымен бекітілген «6М020900 - Шығыстану» мамандығының үлгілік оқу жоспары негізінде даярланды.

Құрастырушы: фил.ғ.к., ун. профессоры К.Х.Абдрахманова

Шығыс тілдері және аударма кафедрасының мәжілісінде талқыланып, қабылданды: № ____ хаттама, « ____ » _____ 2018 ж.

Кафедра меңгерушісі: _____ К.И. Мирзоев

Қабылдау емтиханының бағдарламасы Филология және көптілді білім беру институтының Ғылыми кеңесінде бекітілді: № ____ хаттама, « ____ » _____ 2018 ж.

МАЗМҰНЫ

1. Мамандық бойынша түсу емтиханының мақсаттары мен міндеттері

Оқуға түсу емтихандарының бағдарламасы «Шығыс тілі», «Оқитын ел тарихы» және «Оқитын ел әдебиеті» пәндері бойынша магистрды дайындаудағы эксперименттік білім беру бағдарламасының мазмұнының минималды көлемін қамтиды.

«Шығыстану» мамандығы бойынша магистратураға түсу емтиханының мақсаты бакалавриат оқу барысында жинақтаған білім қорын анықтау болып табылады. Сондай-ақ магистратураға түсуге талапкердің бакалавриат білім беру бағдарламасын оқу барысында қалыптасатын арнайы біліктілікті табысты меңгеруге қажетті жалпы біліктілігінің сай екенін бағалау болып табылады.

Емтихан міндеттері мынада:

- ақпаратты синтездей алу және нақтылауға, танып таңдауға, іздеуге деген болашақ докторанттардың қабілеті мен дайындығын бағалау;
- оқуға түсушілердің магистрлік білім беру бағдарламасындағы оқу пәнін ұғынғанын бағалау;
- оқуға түсушінің қазіргі ақпараттық қорларды оқу барысында қолдана алу дайындығын бағалау;
- Магистратура білім беру бағдарламасы бойынша оқуға түсушінің оқуға деген ынта-жігерін, талабын анықтау.

Бұл үшін оқуға түсушілер өздерінің шығыс тілінің негізгі курс теориясына қатысты білімдерін, әр түрлі тақырып бойынша ауызша және жазбаша қатынас деңгейіндегі тілді практикалық тұрғыда қолдану машықтарын көрсетулері керек. Оқитын ел тарихының, әдебиетінің даму заңдылықтарын; оқитын елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуын; Шығыс елдері қоғамдарының әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси салалардағы біршама өзгерістермен сипатталатын дамуына жаһандану үдерісінің тигізген ықпалын; Шығыс елдерінің дүниежүзілік шаруашылық-саяси жүйесіне интеграциялану кезеңіндегі бұл елдердің тарихындағы іргелі мәселелері жайында білулері қажет.

Бағдарламаның мазмұны мен құрылымы шығыс тілін меңгерудің классикалық схемасы есепке алына отырып жасалған: біртұтастық пен сабақтастық, бөлімдердің өзара қарым-қатынасы, дара құбылыстарын және ерекшеліктерін жүйелеу. Бағдарлама оқуға түсушінің оқитын шығыс тілімен байланысты елге ерекше көңіл бөле отырып, шығыс қоғамдары мен мемлекеттерінің ерекшеліктері бойынша, діни даму, халықтың саяси санасы, саяси институттар, саяси партиялар, сыртқы саясат, экономика, әдебиет т.с. бағыттары бойынша білім деңгейін анықтау мақсатында құрастырылған.

2. Магистратураға түсуші тұлғалардың даярлық деңгейлеріне қойылатын талаптар

Магистратураға түсуші бакалаврларды дайындау деңгейіне сай жалпы кәсіби және жалпы мәдени біліктілікке ие болуы керек, атап айтқанда:

- Ойлау мәдениетіне ие болуы, жалпылауға, талдауға, ақпаратты қабылдауға, мақсатты қойып, оған жету жолдарын тандауға қабілетті болуы тиіс;
- ауызша және жазбаша сөзді логикалық тұрғыда дұрыс, дәлелді және анық құра біледі;
- өзін-өзі дамытуға, шеберлігі мен квалификациясын жетілдіруге ұмтылады;
- болашақ мамандығының мәнділігін жете ұғынады, кәсіби қызметін орындауға деген ынта-жігері жоғары;

Магистратураға түсуші шығыс тілінен, Шығыс елдерінің тарихы және әдебиеті пәнінен мынадай (магистр деңгейіне сай) көлемде білімге, біліктілік және машыққа ие болуы тиіс.

Шығыс тілінің орфографиялық, орфоэпикалық, лексикалық, грамматикалық және стилистикалық норма біліміне ие болу. Лингвистикалық, әлеуметтік мәдени және прагматикалық жақтарын қамтыған сөз коммуникациясының әр түрлі саласында коммуникативті қызметті іс жүзінде атқара білу. Практика жүзінде сөйлеудің негізгі сөз формаларын қолдана білу: баяндау, сипаттау, пайымдау, монолог, диалог, полилог. Сөйлеу мәдениетін және сөйлеу этикетіне қатысты білімге ие болу. Шығыс елдері тарихына, оқитын ел тарихына, әдебиетіне қатысты білімге ие; оқитын елдің саяси жүйесіне, әлеуметтік-экономикалық құрылысына қатысты сұрақтарға жауап бере алады. Магистратураға түсушілер шығыс қоғамдарының даму ерекшеліктерін және олардың іргелі мәселелерін терең түсінулері керек. Бұл аумақты және іргелі шығыстанушылық білім берудің негіздерінің бірі болып табылады.

Қабылдау емтихан, бакалаврдың іс-тәжірибелік әрі теориялық дайындығын анықтауға арналған және дайындық бағыты бойынша магистратурадағы білім беру талаптарына қатысты студенттердің білімі, машығы мен дағдысының сай келуін анықтау мақсатымен өткізіледі.

Емтиханның нысаны – құрамалы жазбаша-ауызша емтихан. Емтихан тапсыратын адамдар, емтихан билетіндегі сұрақтарға байланысты өз жауаптарын - жауап беру парақтарына жазады, ал емтихан комиссиясына ауызша жауап береді. Апелляция берілген жағдайда, қарастырудың негізі - жауап беру парақтарындағы жазбаша жазбалар болып табылады.

3. Білім беру бағдарламасының пререквизиттері

Базалық шығыс тілі – 3 кредит

Оқитын ел тарихы - 3 кредит

Оқитын ел әдебиеті: жаңа және қазіргі кезең- 3 кредит

Оқитын ел әдебиеті: көне және ортағасырлық әдебиет – 3 кредит

Емтихан тақырыптарының тізімі «Базалық шығыс(араб тілі)» пәні

Емтихан тақырыптарының мазмұны мен құрылысы араб тілін меңгерудің классикалық кестесі негізінде жасалды. Араб тілін меңгеруге құрылған бұл кестеде тілдің біртұтастығы мен сабақтастығы, бөлімдердің өзара байланысы, оның ерекшеліктері мен дара құбылыстарының жүйелілігі ескерілген. Кесте негізгі үш бөлімнен тұрады:

Түбір және сөздің түбір негізі. Бұл бөлімде түбір морфологиялық деривация үдерісі кезінде еш өзгеріске түспейтін сөздердің лексикалық және заттық мәнін белгілеуші ретінде қарастырылады;

Сөз және сөзжасам. Мұнда сөздерді жасаудағы түрлі морфологиялық құралдар қарастырылады: туынды, күрделі және синтаксистік байланыстарға бағынышты;

Сөйлемдер жасалуы. Бұл бөлім жай және күрделі сөйлемдердегі сөздердің орын тәртіптері, сондай-ақ предикативті емес сөз тіркестері туралы мағлұматты қамтиды.

1. Негіз, база, түбір. Түбір типтері. Араб сөздерін морфологиялық тұрғыдан талдауда «түбір» терминімен танысуға тура келеді. Бұл термин қандай мазмұн қамтиды. Түбір дыбыстары ұғымы. Екі әріпті түбір. Үш әріпті түбір. Төрт әріпті түбір. Бес әріпті түбір. Дұрыс және бұрыс түбірлер.

2. Етістікті негіздер. Жалаң негіздер. Сөз және грамматикалық формалар даму тарихы туралы пайымдар айтуда, тілде бар түрлі негіздер мен базаларды қарастыру және салғастыру маңызды. Етістікті негізді – перфект формасын сипаттау.

3. Ішкі өсіммен кеңейген негіздер. Ішкі түбір дыбыстың геминациясы. Интенсивті негіз. Екінші және үшінші түбір дыбыстарының редупликациясы.

4. Есімді негіздер. Қысқа дауысты бір буынды базалар. Қысқа дауысты екі буынды базалар. Бірінші және екінші буында созылық дауыстысы бар екі буынды базалар. Әлсіз дауыссыздың инфиксациясы. Префиксті есім сөздер.

5. Морфологиялық құралдар және сөздер үлгілері. Әр сөз формальды құралдар негізінде формула бойынша жасалады, бұл формула бойынша басқа түбірден болған ұқсас сөздер де құрылады. Сөз жасаудағы формальды құралдар.

6 . Полярлылық қағидасы. Грамматикалық тек, түр және есімді топтар. Семит тілдерінде полярлылық құбылысы әрдайым таза күйінде болмайды. Белгіліграмматикалық элементтер қарама-қарсы категорияны белгілеуде орын ауыстырады. ¿(та-марбутаға) аяқталса да, аталық текті білдіретін есім сөздер. Белгілілік артиклінің шығу тегі.

7.Етістік баптары және олардың мәндері. Етістіктің жіктелуі. Араб етістігі біртұтас жүйе болып табылады. Бұл оның морфологиялық категориялар жиынтығында, әсіресе мәндерінде көрінеді. I бап. II бап. III бап. IV бап. V бап. VI бап. VII бап. VIII бап. IX бап. X бап.

8.Шақ функциясы. Атқарылмаған шақ райлары. Араб етістігі морфологиялық тұрғыдан екі шаққа ие. Араб етістігінде жіктеу формаларының екі сериясы бар - префиксті және суффиксті. Атқарылған және атқарылмаған шақ мәндері. Имперфектегі етістік соңғы дауыстының флексиясына байланысты үш модификацияға ие. Ашық рай. Қалау рай. Шартты рай. Бұйрық рай.

9. Ырықсыз етіс. Араб тілінде ырықсыз етіс, ең алдымен морфологиялық категория болып табылады. Бұл етіс негізгі етіс сияқты екі шақта болады – перфект және имперфект, бірақ императив формасы жоқ.

10. Есімшелер және қимыл есімі. Араб грамматикасында есімшелер деп етістіктен туындаған есімнің екі категориясын атайды: негізгі етіс есімшесі. Ырықсыз етіс есімшесі. Қимыл есімі араб тілінде қимылдың абстрактылы атауын немесе ахуалын білдіреді. Масдар. Қимыл есімнің қолданысы.

11. Бұрыс етістіктер классификациясы. Етістік классификациясы түбір классификациясына ұқсас. Етістіктер: Қосарланған. Хамзалы. Әлсіз етістіктер. Дұрыс етістіктерге ұқсас етістіктер Бос етістіктер. Нақыс етістіктер. Екі есе бұрыс етістіктер.

12. Есім сөздер классификациясы. Етістіктен туындаған есім сөздер. Жалаң түбірден туындаған есім сөздер. Морфологиялық тәсілдер арқылы етістіктерден туындаған есім сөздер. Араб грамматистерінің классификациясы бойынша: «айқын есім сөз», «ой тасасындағы жобаланған есім сөз», «нақтыланбаған, күңгірт мәндегі есім сөз». Есім сөз (маусуфун). Сын есім (сифатун). Жалғыздылықты білдіретін есім сөз. Қимыл мәнерін білдіретін есім сөз. Мезгіл және мекен қимылы есім сөзі. Құрал-сайман есім сөзі. Жалқылық есім сөз. Қатыстық есім сөз. Кішірейтпе есім сөз.

13. Сапалық сын есім. Сын есімдер етістіктен туындап, әрекет етуші есім (исм фа’ил), әрекетке түсуші есім(исм маф’ул), өз мәніндегі етістіктен туындаған есім болып бөлінеді. Қатыстық сын есім. Сын есімнің шырайлары. Салыстырмалы шырай. Асырмалы шырай.

14. Грамматикалық тек. Түр. Аналық текті есім сөздер: мәні жағынан, форма жағынан. Ортақ текті есімдер. Аналық тек формаларының жасалуы. Екілік түр. Көптік түр. Дұрыс және бұрыс көптік түрлер. Бұрыс көптікте түрленетін есім сөздер.

15. Септеулер және олардың қызметтері. Сан есім. Екі септікте септелетін есім сөздер. Үш септікте септелетін есім сөздер. Аралас септелетін есім сөздер. Септіктер қызметтері. Қабысу. Формальды қабысу. Қабысудың ерекше түрлері. Есептік сан есім. Реттік сан есім. Еселі сан есім. Бөлшек сан есімдер.

16. Есімдік. Қызметші сөздер. Жіктік есімдіктер: бөлек және бірігіп жазылатын есімдіктер. Сілтеу есімдіктері. Сұрау есімдіктері. Қатыстық есімдіктері. Бірігіп жазылатын демеулік шылаулар. Бөлек жазылатын септеуліктер. Септеулікке айналған көмекші сөздер. Үстеу. Қаратпа сөздер.

17. Етістікті сөз тіркесі.Есімді сөз тіркесі. Есім сөздің етістікке бағынуы. Есімнің етістікке тура бағынуы. Есім сөзді етістік арқылы меңгеру. Болу етістіктері. Пайым етістіктері. Бастау етістіктері. Жақындық етістіктері.

18. Есім сөздер қиысуы. Атрибутивті сөз тіркесі. Аппозитивті сөз тіркесі. Жіктік есімдікпен болған аппозитивті сөз тіркесі.

19. Жай сөйлем. Есімді және етістікті сөйлем. Бір мүшелі есімді сөйлем. Екі мүшелі есімді сөйлем. Есімді сөйлем құрамы. Есімді сөйлемдегі қиысу. Есімді сөйлемдегі тұрлаулы мүшелердің орын тәртібі.

20.Құрмалас сөйлем. Тұрлаулы мүшелер қызметіндегі сөйлемдер. Тұрлаусыз мүшелер қызметіндегі сөйлемдер. Толықтауышты бағыныңқылы сөйлем. Анықтауышты бағыныңқылы сөйлем. Шартты бағыныңқылы сөйлем.

«Оқитын елдің әдебиеті» пәні

21. «Араб әдебиеті» ұғымы. Даму кезеңдері. Хронологиялық шектеулер.

Исламға дейінгі поэзия ерекшеліктері. Көне поэзияның жанрлары, тақырыптары, мазмұны, тілі және формалары. Муаллақтар және олардың авторлары. Имру-л-Қайс – қасыда формасының негізін салушы. Құран әдеби ескерткіш тұрғысында. Сарай поэзиясы. Саяси поэзия өкілдері. Қалалық және бәдәуи поэзиясы. Мәжнүннің ғашықтық лирикасы. Омар ибн Әбу Рабианың қалалық лирикасы. Стиль ерекшеліктері.

22. «Жаңару» әдебиеті. Башшар ибн Бурд, Әбу Нууас, әл-Атахиа шығармашылықтары. «Жаңа стиль».Ерте-аббасидтік дәуір прозасы. «Калила менДимна». «Мың бір түн». Жылнамалар жинағының жасалу тарихы. Хамданид тобына кіретін ақындар шығармашылығы. Әл-Мутанаббидің тілдік шеберлігі. Әл-Харири мақамдары. Мақама жанрының шығу тегі. Мазмұны, композициясы, кейіпкерлері. Синтез әдебиеті. Әл-Маарри шығармашылығы. Поэзия және трактаттар.

23. 19 ғасырдағы араб әдебиетінің дамуы. Еуропа әдебиетімен болған қатынас ықпалы аясындағы негізгі прозалық жанрлардың қалыптасуы. «Ан-Нахда» және мәдениеттің қайта жаңғыруы. Ағартушылық дәуірінің өзіндік ерекшеліктері. Ислам реформаторлары және олардың шығармашылықтарының әдебиетке тигізген әсері. Араб әдебиетіндегі египеттік және сириялық мектептер.

24. Жаңа заман әдебиеті. Араб прессасының пайда болуы. Наполеонның Египетке жасаған жорығы. Мұхаммед Әли билігі. Болашақ интелегенцияны дайындау. Рифаа ат-Тахтауи шығармашылығы. Ат-Тантауи және оның шығармалары. Мұхаммад Абдо, Әдиб Исақтың ағартушылық идеялары мен шығармашылықтары. Араб күрескерлік публицистиканың тақырыптық-стилистикалық ерекшеліктері. Йакуба Санну, Абдалла Надим, Абд ар-Рахман әл-Кауакибидің публицистикалық шығармалары мен ағартушылық идеялары.

Селим әл-Бустанидің әңгімелері. «Египеттік модернизм» мектебі.«Ұлттық әдебиеттің египеттенуі».

25.«Египеттің қазіргі заман әдебиеті. «Жаңа реализм». Өкілдері және шығармалары. Әдебиеттегі ұлт-азаттық қозғалыстың бейнеленуі. «Жаңа реализмнің» негізі өкілдері. Таха Хусейннің шығармашылығы. Таха Хусейн араб әдебиетінің теоретигі тұрғысында. Зерттеу әдістері. Таха Хусейн шығармашылығының тақырыптық-стильдік ерекшеліктері, оның «Аййям» романы. Нагиб Махфуз шығармашылығы. Жазушы шығармашылығындағы тарихи тақырып. Каирлік романдар циклі. Жазушының трилогиясы.

26. Мағриб елдерінің қазіргі заман әдебиеті. Ағартушылар қызметтері, олардың әдебиеттің пайда болуындағы рөлі. Мароккодағы әдеби жанрлардың дамуы. Араб тілді жаңа заман әдебиеті. Мағриб елдері әдебиетіндегі екі тілділік мәселесі. Марокколық жаңа заман әдебиеті. Алжир әдебиеті жаңа типінің қалыптасу көздері. Көркем проза. Театр және драматургия. Француз тіліндегі әдебиет. Қазіргі Тунис прозасы: тақырыптары, сюжеттері және идеялары

38. Парсы шығанағы елдерінің әдебиеті. Машриқ әдеби жанрларының Шығанақ елдерінің қазіргі прозасының қалыптасуына тигізген ықпалы. Қазіргі заман авторларының шығармалары. Қазіргі прозаның көрнекті өкілдері. Шағын көлемді проза. Роман жанры. Қазіргі кездегі дәстүрлі поэзия.

«Оқитын елдің тарихы (араб елдері)» пәні

27. Араб елдерінің ежелгі тарихы

Солтүстік Арабия патшалықтары. Солтүстік арабиялық тайпалар мен мемлекеттік құрылымдар. Набатей патшалығы. Набатей патшалығының тарихын зерттеу бойынша деректер. Тадмур патшалығы. Хира мемлекеті. Фассасиндер мемлекеті.

28. Оңтүстік арабиялық мемлекеттер

Ежелдегі Оңтүстік арабиялық мемлекеттер. Оңтүстік арабиялық тайпалардың саяси тарихы. Маин мемлекеті. Катабан, Хадрамаут және Саба патшалықтары. Химьяриттер мемлекеті. Хиджаз қалалары. Мекке. Оңтүстік Арабияның қоғамдық және саяси құрылымы. Ежелгі Арабия мәдениеті. Жазудың алфавиттік жүйесінің пайда болуы. Арабия түбегі мәдениетіне көрші тайпалар мен елдердің әсері.

29. Ерте ортағасырлардағы Арабия.

Арабтар тарихы бойынша дереккөздер. Шаруашылық (егіншілік пен малшылық). Қолөнер мен сауда. Арабия түбегіндегі әлеуметтік-экономикалық қатынастар. Жер иеленудің түрлері. Исламға дейінгі Арабия мәдениеті. Арабтардың көшпелі және отырықшы тайпаларының рулық құрылымы. Джаһилия дәуірі. Бәдәуи тайпаларының діни көзқарастары, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері.

30. Исламның пайда болуы мен таралуы.

Исламның пайда болуы мен таралуы. Мұхаммед пайғамбардың өмірі мен қызметі. Араб халифаты. Пайғамбар өлімі мен билікке «әділетті төрт халифтің келуі». Әділетті төрт халифтердің билігі тұсындағы араб жаулаушылықтары.

31. Омейяд халифаты.

Араб жаулаушылықтары мен мұсылмандық теократиялық мемлекеттің қалыптасуы. Омейяд халифатының құрылуы. Суфианидтер мен марванидтер билігі тұсындағы халифат. Дамаск халифатының қоғамдық құрылысы. Араб жаулаушылықтары.

32. Аббасид халифаты.

Бағдад халифаты. Бағдад халифатының мемлекеттік-әкімшілік жүйесі. Халифаттың саяси құрылымы. Екіншілік, қолөнер мен сауданың дамуы. Араб-мұсылман мәдениетінің дамуы. Қайта өрлеу дәуірі.

Арабтардың Испанияны жаулауы. Пуатье түбіндегі шайқас. Кордова халифаты. Андалуз өркениеті. Өзара тартыс соғысының басы. Реконкиста.

33. Солтүстік Африка территориясында тәуелсіз араб мемлекеттерінің құрылуы.

Солтүстік Африка территориясында жартылай тәуелсіз княздіктердің пайда болуы. Идрисидтер (788-974), Ағлабидтер (800-909), Тулунидтер (868-905), Ихшидидтер (935-963), Хамдиндар (944-1003). Кордова халифаты. Арабтардың Испанияны жаулауы. Вестгот княздіктерін бағындыру. Пуатье түбіндегі шайқас. Бағдад халифатындағы халық қозғалыстары. Аббасид халифатының ыдырауы.

34. XI-XVI ғғ. Солтүстік Африка мен Испаниядағы араб мемлекеттері.

XI-XV ғғ. Египет пен Сирия. Фатимидтер мемлекеті. Фатимидтер мемлекетінің ішкі және сыртқы саясаты. Айюбидтер мемлекеті. Крест жорықтары. Крестшілерге қарсы күрес. Египте пен Сирияда мәмлүктер билігінің орнауы. Таяу Шығыстағы моңғол басқыншылығы. Тимуридтер. Магриб аумағында дербес мемлекеттік бірігулердің пайда болуы. Мурабиттер. Альморавидтер мемлекеті. Альмохадтар империясы.

35. Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы түрік экспанциясы. Осман империясы құрамындағы араб елдері. Араб елдерінің қоғамдық құрылысы. Осман империясының араб провинцияларындағы екіншілік. Араб қалалары. Өнеркәсіптік өндірістің түрлері. Ауыл шаруашылығы. Осман жаулапалушылары және олардың араб вассалдарының бастырығы. XVI ғ. аяғы – XVII ғ. Басындағы Осман империясындағы араб халықтарының көтерілістері. Сири, Ливан мен Ирактағы анти-түріктік көтерілістер. Капитуляция режимі.

36. Шығыс мәселесі және державалардың Осман мұрасы үшін күресі.

Осман империясының дағдарысы. Арабия түбегінің оңтүстік-шығыс бөлігінен айырылу. Осман империясының Франциямен келісімдері. Бонапарттың Египетке жорығы. Мухаммеда Али тұсындағы Египет. Мухаммед Алидің реформалары, жаулаушылық жорықтары мен капитуляциясы. Шығыс мәселесі. Магрибті француздардың жаулап алуы. Алжирлік Абд әл-Қадирдің мемлекеті. Германия, Англия, Италияның араб елдеріне кіруі. Тунис пен Мароккода протектораттың орнауы. Италияның Ливияны басып алуы.

37. XX ғ. бірінші жартысындағы Африкадағы араб елдері.

Египет. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы Египет. 1919 ж. көтеріліс. Ағылшын протекторатының алынуы. Зағлұл пашаның кабинеті. Вафдистер. 1936 ж. ағылшын-египеттік келісімі. Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы Египет. Египет аумағындағы әскери қимылдар. әл-Аламейн түбіндегі шайқас.

XX ғ. бірінші жартысындағы Судан.

XX ғ. басындағы Судан. Махдистер мемлекетінің (1898) қирағанынан кейінгі елдің жағдайы. Ағылшын-египеттік кондоминиумды жариялау. Отарлық тәуелділік жағдайындағы елдің экономикалық дамуы.

38. XX ғ. бірінші жартысындағы Магриб елдері: Алжир, Марокко, Тунис, Ливия, Мавритания.

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы Магриб елдері. Отаршы биліктің саясаты. 1914-1916 жж. қарулы көтерілістер. Магриб елдеріндегі азаттық қозғалыстарының жандануы. Алжирде «туземдік кодекстің» алынуы. Империалистік державалардың Марокконь бөлісуі. 1921 ж. Риф Республикасының құрылуы. Антиотаршылдық ұйымдардың пайда болуы. Тунистік ұлтшылдық идеясының туындауы. «Жаңа Дестур» партиясының құрылуы. Мавританиядағы метрополияның отаршылдық саясаты. Маврлердің Францияның отаршылдық агрессиясына қарсы күресі. 1920-30 жж. антиотаршылдық күрес. 1936-1939 жж. Магриб елдеріндегі ұлт-азаттық күрес. Екінші

дүние жүзілік соғыс жылдарындағы Мағриб елдері. Мағриб елдерінің территориясындағы әскери қимылдар.

39. 1914-1945 жж. Шығыс Жерорта теңізі елдері.

XX ғ. басындағы Сирия, Ливан. Сайкс-Пико келісімі (1916г.) Сирию мен Ливанға ағылшын-француздардың басып кіруі. Экономикалық және саяси жағдай. 1936 ж. Сирия мен Ливандағы көтеріліс. Франк-ливандық келісімге қол қою. Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы Сирия мен Ливан.

40. 1914-1945 жж. Трансиордания мен Палестина.

Трансиорданияның құрылуы. Ағылшын–Трансиордандық келісім. Әлеуметтік-экономикалық жағдай. Палестина. XX ғ. басындағы Палестинаның жағдайы. Сионистер жоспарындағы Палестина. Базельдік конгресс (1897 г.). Бальфурадекларациясы (1917 г.). Палестинаны сионистік отарлау. Еврей миграциясының мәселесі. АҚШ-тың Палестинаға қызығушылығы. Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы Палестина.

41. 1914-1945 жж. Ирақ.

Англия мен Германияның Ираққа ықпал ету үшін бәсекелестігі. Ағылшын оккупациясы мен оның салдары. Сан-Ремодағы конференция мен оның мандаттар жөніндегі шешімі. Мандаттық кезеңдегі Ирақ. 1930 ж. формальды тәуелсіздіктің алынуы. Нури Саидтың үкіметі. Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы Ирақ.

42. 1914-1945 жж. Арабия түбегіндегі елдер.

Сауд Арабиясы. Арабтардың бірігу мәселесі. Ибн Саудтың реформалары. Ихуандар көтерілісі. Ибн Саудтың сыртқы саясаты. Сауд Арабиясына американдық капиталдың енуі. Йемен. 1918-25 жж. Йемен. Италияндық оккупацияға қарсы күрес. Бірінші кеңес-йемендік келісім. 1934 ж. ағылшын-йемендік келісім. Йемен мен Сауд Арабиясы арасындағы соғыс. БАӘ мен Оман. Қоғамдық құрылыс пен саяси құрылым. Соғыс арасындағы Келісілген Оман. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы Келісілген Оман. 1914-1939 жж. Оман. Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы Келісілген Оман. Бахрейн мен Қатар. XX ғ. бірінші жартысындағы Бахрейн мен Қатар. Соғыс аралық кезеңде мұнай үшін күрес пен елдің саяси дамуы.

43. 1945-2013 жж. Египет.

Г.А.Насер билігі тұсындағы Египет. Елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы. 1967 ж. алты күндік соғыс. А. Садаттың билікке келуі. Инфитах саясаты. 1973 ж. қазан соғысы. Кэмп-Дэвид келісімі мен Израильмен бейбітшілік келісіміне қол қою (1979). Х. Мубарак пен оның сыртқы саяси бағыты. Египет пен Парсы Шығанағындағы оқиғалар. Египттің экономикалық өсуі. ЕО мен Египет: серіктестік мәселелері. 2011 ж. Египет революциясы. Мубарак режимінің құлауы.

44. 1945-2013 жж. Судан.

Әскери төңкерістер. 1971 ж. билікке генерал Нимейридің келуі. 1985 ж. азаматтық соғыс пен биліктің құлауы. 1985-1986 жж. демократиялық сайлаулар. 1989 ж. билікке әл-Баширдің келуі. Елдің әлеуметтік-саяси өмірі. Суданның этноконфессионалды мәселесі. Дарфур шиеленісі. Суданның екі мемлекетке бөлінуі.

45. 1945-2013 жж. Мағриб елдері.

Марокко. Ұлт-азаттық қозғалыстың өрістеуі. 1956 ж. наурызында тәуелсіздіктің жариялануы. Мемлекеттік төңкерістер. 1975 ж. Марокконың Батыс Сахараны оккупациялауы. ПОЛИСАРИО майданының көтерілісшілеріне қарсы күрес. 90-шы жж. елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы.

Алжир. Х. Бумедьеннің және билеуші ҰАМ партиясының саяси бағыты. Ш. Бенджедид билік кезеңі. 1986-1987 жж. экономикалық реформалар. 90-шы жж. азаматтық соғыс. Ислам фундаменталистері. Бутефликамен оның сыртқы саясаты.

Тунис. Тәуелсіздік жылдары. Хабиб Бургибаның билігі. Зин әл-Абеддин бен Алидің билеу кезеңі. Бен Али режимінің құлауы.

Ливия. Ливия. 1951-1961 жж. патшалық билеу жылдары. Монархияның құлауы мен революциялық режимнің орнығуы 1969-1973 жж. Революциялық биліктің орнығуы. «Жасыл кітап» пен М.Каддафидің әлемдік теориясы. «Джамахиризациялау» саясаты. 2011 ж. Ливиялық революция. Каддафи режимінің құлауы.

46. 1945-2013 жж. Сирия мен Ливан.

Президент Х.Асадтың ішкі және сыртқы саясаты. СирияныңЛивандағы саясаты мен ұстанымы. СирияныңИрақ. Түркиямен байланыстарының шиеленісуі. Шекаралық дау, күрдтерге қатысты саясат. Сирия-Израильдік қатынастар. Б. Асадпен оның сыртқы саяси бағыты.Башар Асад режиміне қарсы халық наразылығы. Елдің қазіргі саяси жағдайы. Ливан.Ливан халқының ұлт-азаттық қозғалысы. Ұлттық пакт. 1967-1982 жж. израильдік агрессиядан кейінгі Ливан. 1970-1975 жж. ішкі саяси дағдарыстың шиеленісуі. 1975-1976 жж. азаматтық соғыс.

47. 1945-2013 жж. Ирақ пен Иордания.

1963-1968 жж. мемлекеттік төңкерістер. 1968 ж. БААС партиясының билікке келуі. Саддам Хусейннің саясаты. Иран-Ирақ соғысы. Ирақ-Кувейт соғысы. АҚШ-тың Ираққа қарсы саясаты.Ирақтағы америкалық саясат. Ирақтағы Саддамның диктатурасының құлатылуы. Ирақтан американдық әскерді шығару мәселесі. Елдің қазіргі саяси жағдайы. Иордания. 1967 ж. израильдік агрессиядан кейінгі Иордания. Иорданияның сыртқы саясаты. Израильмен бейбіт келісім (1994) және елдің экономикалық өсуі. Король Абдалланың сыртқы саяси бағыты (1999 ж. бастап).

48. 1945-2013 жж. Палестина.

1948-1949 жж. палестиналық соғыс пен оның салдары. Палестинаны Азат Ету Ұйымының (ПАҰ) 1964 ж. құрылуы. 1967-1974 жж. палестиналық қарсылық қозғалысы. 1967 ж. израильдік агрессия. 1973 ж. араб-израиль соғысы. ПАҰ-ның халықаралық танылуы. Ясир Арафат пен Палестинаның сувернитеті мәселесі. 1993 ж. ПАҰ мен Израильдің бірін-бірі мойындау келісімі. Жол картасы. Ясир Арафат өлімі. Палестинадағы сайлаулар. Махмуд Аббастың жеңісі.

49. 1945-2013 жж. Йемен. ЙАР мен ЙХДР: тарих. 1990 ж. Йемен Араб Республикасы мен Йемен Халықтық-ДемократиялықРеспубликасының бірігуі. Елдің экономикалық жағдайы. Экономикалық реформалар.2011 ж. Йемен революциясы Абдалла Салех режиміне қарсы күрес. Елдің қазіргі саяси жағдайы.

50. 1945-2013 жж. Арабия түбегінің елдері.

Сауд Арабиясы. Билікке Фейсалдың келуі мен оның бағыты. Мұнай қазбаларының ұлттандырылуы. Мұнай мен саясат. ОАПЕК-тің құрылуы. ИҰК-ның құрылуы.

Кувейт. 70-80-ші жылдардағы мұнай қарқыны. Ирақтың Кувейтті басып алуы. Аймақтағы қауіпсіздік мәселесі. Аймақтық интеграция мәселесі.

Бахрейн, Қатар, Оман и БАӘ. Интеграциялық үдерістер. Аймақтағы қауіпсіздік мәселесі. ПШАМЫҚ: мақсаттар мен міндеттері. Аймақта Батыстың әскери-саяси ықпалының артуы.

5. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиет:

1. Гранде Б.М. Курс грамматики в сравнительно-историческом освещении. М., 1998.
2. Кузьмин С.Е. Учебник арабского языка М., 2001.
3. Шагаль В.Э., Мерекин М.Н., Забиров Ф.С. Учебник арабского языка. М., 1983.
4. Акбарова М.Х.Очерки истории арабскойлиетартуры нового времени. Ташкент, 2001
5. Кирпиченко В.Н., Сафронов В.В. История египетской литературы.ХІХ-ХХвеков.М., 2002

Қосымша әдебиет:

1. Лебедев В.Г., Тюрева Л.С. Практический курс арабского литературного языка. Нормативный курс. Основной курс. М., 2004

2. Чернов П.В. Справочник по грамматике арабского литературного языка. М., 1995.
3. Гранде Б.М. Введение в сравнительное изучение семитских языков. М., 1998.
4. Майбуров Н.А. Читаем и переводим арабскую газету. М., 2001.
5. Восток: религиозные традиции и современность. М., 1983.

«Базалық шығыс (қытай) тілі» пәні

1. Нәтижелі етістік: Нәтижелі етістіктің жасалу жолы. Нәтижелі етістікті сөйлемнің жасалу тәртібі.
2. Модальді етістік. Модальді етістікті сөйлемдегі қызметі. Модальді етістіктің болымсыз түрі. Сұраулы сөйлемдердің түрлері. 吗 көмекші сөзі арқылы және альтернативті сұрақтың жасалу жолдары.
3. Мөлшер сөз. Қытай тіліндегі мөлшер сөздердің түрлері.
4. Жалғаулық (шылау). Ытай тіліндегі сабақтастырушы жалғаулықтар және салалас мәнді жалғаулықтар. Жалғаулықтардың қолданылу ерекшеліктері.
